

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Академиялық комитеті

(ҒӘК) мәжілісі

Хаттама № 6 «22» 06 2020 ж.

**«8D02205 - АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D02205- Археология және этнология» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырушылар т.ғ.к. доцент м.а. Ғ.Қ. Омаров, т.ғ.д., профессор м.а. Б.К. Қалшабаева, т.ғ.к. доцент м.а. М.Қ. Егизбаева.

Бағдарлама кафедра мәжілісінде қарастырылған
2020 ж. _12.05_ № 28 Хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Жуматаев

Факультеттің әдістемелік бюросында мақұлданған
2020 ж. 29.05. _____ № 10 Хаттама
Әдістемелік бюро төрағасы _____ Джолдыбаева У.М.

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген
2020 ж. _29.05._ № 10 Хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы,
Факультет деканы _____ М.С. Ноғайбаева

Ғалым хатшы _____ Абикенова Г.Е.

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері

8D02205 - Археология және этнология мамандығының PhD докторанттарына арналған кешенді емтихан сұрақтары әлемдік археология және этнология ғылымының өзекті мәселелеріне сәйкес келуі тиіс. Кешенді емтихан сұрақтары археология және этнология ғылымының іргелі теориялық мәселелері мен олардың әдістемелік негіздерін білуді қажет етеді. PhD докторантураға тапсырушылар отандық және шетелдік археология мен этнология ғылымдары алдында тұрған негізгі мәселелерді, археология мен этнологияның негізгі өзекті бағыттарын, археологиялық және этнологиялық зерттеулердің теориялық аспектілері мен әдіснамасын, ғылыми ізденістерді жүргізудің ережелерін, маңызды археологиялық ашулар мен қазақ этнографиясындағы негізгі бағыттар мәселелерін білуі керек.

Түсу емтиханының міндеттері:

- Отандық және шетелдік археология және этнология ғылымы саласындағы маңызды мәселелерді талдай білу.
- Қазақстан археологиясы мен этнологиясының негізгі өзекті бағыттары жөнінде, археологиялық және этнологиялық зерттеулердің теориялық-әдістемелік аспектілері туралы білімінің болуы.
- Этнология және археология ғылымдарының әр түрлі өзекті салаларында бағдары болу;
- Деректер мен арнайы әдебиеттерді саралау әдістерін меңгеруі.

Түсу емтиханының формасы – жазбаша емтихан. Емтихан тапсырушы емтихан сұрақтары бойынша өзінің жауаптарын жауап парағына жазады, жауап парағы кодталады. Апелляция берілген жағдайда жауап парағындағы жазбаша жауаптары арқылы қарастырылады.

2. PhD докторантураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасының жалпыға білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламаларын игергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейі – магистратура.

Компетенциялар:

- Археология және этнология саласындағы қазіргі мәселелерді терең меңгеру, берілген ғылымның барлық салаларында материал жинау үрдісінен бастап, лаборатория жағдайында өндеуге дейін білімнің кең ауқымын меңгеру;
- Археологиялық және этнологиялық мәселелер арасындағы өзара байланыстың кең ауқымын түсіну және бекіту, тәжірибеде іргелі ұстанымдарды қолдану;
- Археологиялық және этнологиялық зерттеулерде қолданылатын жалпы теориялық, практикалық әдістерді білу;
- Тарихи және этномәдени үдерістерге кешенді талдау жүргізу арқылы, өркениеттік, мәдени және формациялық тәсілдердің ұстанымдарына сүйене отырып, зерттеу міндеттерін шеше білу;
- Археология және этнологияның қосымшалары ретінде компьютерлік бағдарламаны және сандық әдісті білу, ақпараттық технологияға негізделген археология және этнологияның әдістерін ұтымды пайдалану, компьютерлік базаның мәліметтерін пайдалану, алынған мәліметтерді статистикалық өндеу үшін әртүрлі компьютерлік бағдарламаны пайдалану.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

«Археологияның іргелі мәселелері» - 3 кредит, «Этнологияның іргелі мәселелері» - 3 кредит, «Ерте және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени үдерістер» - 3 кредит.

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Археологияның теориялық методологиялық мәселелері» пәні

1. Гуманитарлық білімдер жүйесіндегі археологияның теориялық бағыттары. Археологиялық түсініктердің даму және қалыптасу үдерісі. «Археологиялық мәдениет» түсінігінің қалыптасуы. Әлемдік археологияның өзекті мәселелері. Лингвистикалық және антропологиялық деректерді археологияда қолдану.

2. Орталық Азия палеолиті мен неолитінің зерттелу тарихы. Палеолит ескерткіштерінің түрлері. Ашық түрдегі ескерткіштер. Ашық түрде жер бетінде жатқан артефактілері бар ескерткіштер. Стратиграфиясы бар тұрақтар. Үңгір тұрақтары.

3. Палеогеографиялық жағдай. Жердің геологиялық тарихы. Тас дәуірінің флорасы мен фаунасы. Адамзаттың пайда болуы. Орталық Азияның палеолит дәуіріндегі тарихи-геологиялық жағдайы. «Малтатас мәдениеті және оның Қазақстанның төменгі палеолитінде алатын орны». Қазақстанның төменгі (ерте) палеолиті.

4. Қазақстан неолитінің (жаңа тас) мерзімделуі мен кезеңделуі. Жаңа тас дәуірінің жалпы сипаттамасы. Экономикасының даму ерекшеліктері. Ескерткіштердің сипаттамасы. Қараүңгір үңгір тұрағының палеогеографиялық және геоморфологиялық орналасу жағдайы.

5. Қазақстан мысты тас кезеңі (энеолит). «Энеолит» ұғымы. Қазақстандағы энеолит кезеңінің ерекшелігі. Остеологиялық материалдар. Құрылыстар. Шақпақтас табылымдары. Ботай, Тоқсанбай қоныстары және уақытнамалық пен кезеңдеу мәселелері.

6. Тәуелсіздік алған жылдардағы тас ғасырының жаңа ескерткіштерінің ашылулары. Қазақстанның тас ғасырының жалпы сипаттамасы. Шығыс, Орталық, Оңтүстік және Батыс Қазақстанның тас ғасыры. Заттай мәдениеттерінің сипаттамасы. Тас ғасыры ескерткіштерінің қалпына келтірулері мен аларды интерпретациялау.

7. Қазақстанның қола дәуірі. Қола дәуірінің жалпы сипаттамасы. Қола ғасырындағы Орталық Азия мен Қазақстанның тарихнамасы. Қола дәуірінің іргелі мәселелері. Андрон тарихи-мәдени қауымдастығы.

8. Қазақстанның қола дәуірінің мерзімделуі мен кезеңдеулері. Б.Н. Граковтың, К.В. Сальниковтың, О.А. Кривцова-Гракованың, С.С. Черников, М.П. Грязновтардың үш сатылы кезеңдеуі. Ә.М. Оразбаевтың Солтүстік Қазақстан территориясынан Замараев мәдениетін бөліп көрсетуі. С.С. Черниковтың Шығыс Қазақстандық ескерткіштерді дәуірлеуі мен кезеңдеуі. С.В. Киселев пен С.П. Толстовтың андрон ескерткіштерін кезеңдеуі.

9. Қазақстанның қола дәуірі мәдениетінің дамуының аймақтық мәселелері. Шығыс, Солтүстік, Орталық, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісудың қола дәуірі мәдениеттерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері. Кезеңдеу мен мәдени тиістілігін анықтаудағы жаңа ұстанымдар.

10. Қола дәуірі тайпаларының өнері мен идеологиясы. Халықтың кеңістік пен уақытты зияткерлік түрде игеру мәселесі. Материалдық және рухани мәдениеттің даму байланыстары. Жерлеу рәсімдері бойынша қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымы. Петроглифтердегі материалдар бойынша ғұрыптар мен рәсімдердің қола дәуірі жартас суреттерінде көрініс табуы.

11. Қазақстан территориясындағы көне металлургия. Ледебур, Сиверс, Левшин, Спасский, Паллас, Гмелин, Миллер, Страленберг еңбектері бойынша Қазақстан көне металлургия кәсібінің зерттелу тарихы. Ежелгі мыс пен қалайы өндіру орындары: Убинск, Мыңшұқыр, Орынхай, Қарақойын, Гальче, Баймырза, Қырықшұқыр, Чудское (Шығыс Қазақстан), Жезқазған, Успенск, Петро, Аннеское, Златоуст (Орталық Қазақстан) және т. б.

12. Ерте темір дәуірі. Жалпы сипаттамасы. Темір дәуірінің қола ғасырын ауыстыруы: үдеріс географиясы. Темірді өңдеудің негізгі нәтижелері. «Ерте көшпелілер» ұғымы. Еуразияның ерте темір дәуірін кезеңдеу мәселелері.

13.Көшпелі өркениеттің іргелі мәселелері.«Көшпелі өркениет» ұғымы. Көшпелі өркениеттің зерттелу тарихы (Шахматов, Толыбеков, Хазанов, Масанов және т.б.). Көшпелі өркениеттің түрлері мен формалары. Шаруашылық-мәдени тип. Көшпеліліктің пайда болуы. Ерте көшпелілер және олардың отырықшы өркениеттермен өзара байланысы. Көшпелілердің әлем өркениетіне қосқан үлесі.

14.Сақ-скиф тарихи – мәдени қауымдастығының көкейкесті мәселелері. Сақ-скиф тарихи-мәдени қауымдастығы. Сақ, скифтердің пайда болу мәселесі. Сақтар мен скифтерді зерттелу тарихына қысқаша шолу. Скиф мәдениетінің таралу аймағы. Днепр жағалауы маңы, Қара теңіз жағалауы, Алтайдың бойындағы скиф мәдениеттерінің айтулы ескерткіштері.

15.Қазақстан сақ пен үйсін археологиясының негізгі мәселелері. Сақ тайпаларының орналасуы. Сақ тайпаларының Алтайдағы, Тарбағатайдағы, Орталық, Солтүстік, Оңтүстік және Батыс Қазақстандағы элитарлы ескерткіштері. Сақ-скиф аң стилінің пайда болу мәселелері. Сақ мәдениетіндегі «алтын адамдар» мәселесі. Үйсіндер бойынша деректер. Үйсіндердің археологиялық мәдениеттері. өнері мен діні.

16.Археологиядағы ғұн-сармат кезеңінің теориялық және методологиялық мәселелері. Ғұн-сармат дәуірін кезеңдеу мәселелері. Ғұндар мен сарматтардың пайда болу мәселелері. Ғұн кезеңінің қалалары. Сарматтардың орналасуы. Аралтобе «алтын адамы». «халықтардың ұлы қоныс аударуы».

17. Көне түрік генеологиялық аңыздары және ерте түрік уақытының археологиялық ескерткіштері. Жазба және археологиялық деректердің мәліметтері. Түріктердің пайда болу мәселесі. «Түрік», «Ашина» этнонимдері. Көне түрік дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің түрлері: жерлеу құрылыстары, еске алу кешендері, жартас суреттері. Кезеңдеу мен мерзімдеу.

18. Түріктердің дала империясы және оның мұрагерлері. Ұлы даланың шығысындағы этносаяси жағдай. (б.э. I мыңжылдығының 2 жартысы). Көнетүркі тайпалар одағының құрылуы. Мәселелері мен тарихнамасы: ерте орта ғасыр, б.э. VI-X ғасырлары: түркі және түркі тілдік тайпалар: түркілер, қарлұқтар, түргештер, оғыздар, ұйғырлар, қыпшақтар, қимақтар. Ежелгітүркі мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымы.

19. Дамыған ортағасырлар кезеңі:мәселелері және тарихнамасы. Моңғолдардың жаулап алуы. Жошы ұлысы. Көк-Орда және Ақ-Орда. XIV ғ. - XV ғасырдың басындағы Шығыс Дешті Қыпшақ. Қазақ мемлекеттілігінің бастауы.Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ этногенезінің соңғы кезеңінің теориялық мәселелері. Қазақ халқы консолидацияның саяси алғышарттары. Қазақ жүздерінің шығу мәселелері.

20. Қимақ-қыпшақ бірлестігі тайпаларының мәдениеті. Қимақтар мен қыпшақтардың орналасқан территориясы және тайпалық бірлестігі. Қимақ-қыпшақ бірлестігінің қалыптасу кезеңдері. Қимақтардың (йемектердің) Ертістегі археологиялық ескерткіштері. Сротинск мәдениеті.

21. Түріктердің материалдық және рухани мәдениетін зерттеудің өзекті мәселелері. Екі шаруашық-мәдени типтердің өзара байланысы: отырықшылық және көшпелілік (қала-дала жүйесі). Алғашқы түрік билеушілерінің құрметіне арналған көне түрік руникалық ескерткіштері (Бумын-қағана, Истеми-қаған, Күлтегін және т.б.). Көне түріктердің құдайлары (Тәңірі, Ұмай, Жер-су және т.б.). Түрік тайпаларының исламға енуінің басталуы. Көне түрік мәдениетінің мұрасы.

22.Ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің мәселелері. Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендерін аудандастырудың тарихи-мәдени және табиғи-географиялық мәселелері. Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің тарихи топографиялық мәселелері.

- 23.Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеу тарихының мәселелері.** Қазақстанның ортағасырлық қалаларының зерттелу тарихын кезеңдеу мәселелері. Оңтүстік, Орталық және Батыс Қазақстан ортағасырлық қалаларының зерттелу тарихы.
- 24.Ұлы Жібек жолы.** Ұлы Жібек жолының бағыттары. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның керуен жолдары. Ұлы Жібек жолының бойындағы қала мәдениеті.
- 25.Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің шоғырлану және кезеңдеу мәселелері.** Қазақстанның ортағасырлық қалаларын баламалаудың өзекті мәселелері. Оңтүстік Қазақстанның қалаларын баламалау. Іле алқабының қалаларын баламалау. Шу-Талас өңірінің қалаларын баламалау. Батыс және Орталық Қазақстанның қалаларын баламалау. Баласағұн қаласын баламалау.

«Этнологияның теориялық методологиялық мәселелері» пәні

- 1.Гуманитарлық білімдер жүйесіндегі этнология.** Этнологияның ғылым ретінде қалыптасу тарихы. Шет ел этнология ғылымының тарихы. Германиядағы халықтар жөніндегі ғылым (Volkerkunde). Этнологияның ағылшын тілді елдерде дамуы. Этнологияның АҚШ пен Францияда қалыптасу үдерісінің тарихы. Ресей этнологиялық ғылымының тарихы. Кеңестік кезеңдегі этнология ғылымы. Қазақстан этнология ғылымының тарихы.
- 2. Этнологиялық зерттеу әдістері.** Этнологиялық, этнографиялық деректердің және зерттеу әдістерінің ерекшелігі. Заттай-материалдық ескерткіштермен жұмыс істеу әдістері. Этнологиялық зерттеулердегі демографиялық деректердің маңызы. Этнологиялық зерттеулерде басқа гуманитарлық және жаратылыстану әдістерін қолданудың ерекшеліктері.
- 3. Негізгі этнологиялық мектептер және ғылыми бағыттар.** Эволюционизм (Г.Спенсер, Э.Тэйлор, Дж.Фрэнгер, А.Бастиан, Т.Вайц, Л.Морган). Диффузионизм (Э.Норденшельд, Ф.Гребнер, В.Шмидт, Л.Фробениус). Әлеуметтанулық мектеп (Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль). Функционализм (Б.Малиновский, А.Радклиф-Браун). Тарихи этнологияның американдық мектебі (Ф.Боас, А.Кребер). Этнопсихологиялық мектеп (А.Кардинер, Р.Бенедикт, М.Мид). Структурализм (Э.Эванс-Притчард, К.Леви-Строс). Мәдени релятивизм (М.Херсковиц). Неоэволюционизм (Л.Уайт, Д.Стюард, М.Харрис).
- 4. Этникалық пен этностың мәні туралы қазіргі заманғы ғылым.** «Этнос», «этникалық құрылым» түсініктері. Қазіргі заманғы ғылымдағы этнос мәселесі. Этногенез, этникалық тарих және этникалық үдерістер мәселелері.
- 5.Этностың примордалистік теориясы.**Примордализмнің философиялық және дүниетанымдық негіздері. Этникалық құрылымның пайда болуының табиғи бағыттары. Тарихи-эволюциялық бағыт. Этнос қалыптасуының алғышарттары. Этностың жүйелік параметрлеріне басты назар аудару: этногенез негіздері, этникалық қауымдастық құрылымы, тарихи дамудың кезеңдері.
- 6. Этникалықты зерттеудегі инструменталдық тұрғы.**Этникалық құрылым – саяси көшбасшылардың өзінің мүддесіне жету мақсатында қолданатын құралы. Инструментализмнің әдістемелік параметрлері. Этнос идеалды (идеологиялық) конструкт ретінде. «Этнос» және «ұлт» түсініктерінің теориялық, идеологиялық және саяси-құқықтық тұрғыда қолданылуы туралы дискуссия.
- 7. Н.Н. Чебоксаров пен С.А. Арутюновтың этностың ақпараттық концепциясы.** Байланыс негізінде барлық этникалық қауымдастықтардың тіршілік ету механизмін сипаттау. Олар ақпарат түсінігі шеңберінде сипатталуы мүмкін.Ақпаратты түрлі жолдармен беру – тілдік қарым-қатынас, көрсету формасында, еліктеу. Халықтың мәдени дәстүрі, оның «ақпарат» жүйесіндегі шығармашылық мұрасы. Этнос ақпараттық фильтр ретінде.
- 8.Этникалықты ұғынудың конструктивистік тұрғысы.** Ф.Барттың этникалықтүсіндірмесі бойынша әлеуметтік біртектіліктің кең категориясы, символикалық

түрлілік құралдары арқылы құрылатын жағдайлық феномен. Этносты басқа қауымдастықтарға қарағанда өзін-өзі мәдениет негізінде анықтайтын адамдар тобы.

9. Этностың биоәлеуметтік концепциясы. Л.Н. Гумилевтің теориясы. Этнос биофизикалық шынайылық ретінде. концепциясындағы этностың биоәлеуметтік түсінігі. Пассионарии ұғымы. Ескі этностың немесе бірнеше этностың ішінде іс-әрекетке қабілеті жоғары адамдардың пайда болуы. Пассионарий толқындары, көтерілу мен күшею фазалары және т.б.

10. Этностың тарихи-әлеуметтік концепциясы. Ю.В.Бромлей бойынша этнос пен этникалық қауымдастық. «Этникалық мәдениет» немесе «этностың мәдениеті» түсініктері. Этнос «этникос» немесе «этноәлеуметтік ағза» ретінде (экономикалық, саяси, әлеуметтік қауымдастық). Этностың «біз» және «олар» кереғар түсініктері.

11. Этностың синергетикалық концепциясы. Этникалық тәжірибе феноменінің, оның психологиялық және әлеуметтік құрылымдарының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Үдеріс барысында өздігінен құрылатын этностардың әлеуметтік көрсеткіштерін талдау. Этностың иерархиялық құрылымының жүйелік дифференциациясы және олардың ішкі байланысы. Әлеуметтік синергетика тарихтың постмодернистік философиясы ретінде. Синергия құрылымындағы ақиқат (пәнаралық зерттеудің әдістемелік тәжірибесі).

12. «Мобилдік этникалық» теориясы. Этникалық сәйкестік әлеуметтік өзараәрекеттесу нәтижесі ретінде. Э.Эриксонның сәйкестік концепциясы: сәйкестік қоғам мен тұлға арасындағы өзараәрекеттесудің жемісі. «Этникалық өзіндік сана» тұрғысынан талдаудағы этникалық біртектілікті талдау (Л.М. Дробижева, В.И. Козлов және т.б.).

13. Этникалық біртектілік. «Этникалық біртектілік» ұғымы. Этникалық біртектіліктің түрлері – этноцентризм, этнодамушылық, этно екіжақтылық, этнонигилизм. Этникалық біртектіліктің негіздері және олардың белгілері – этнодифференциациялық, мәдени, тілдік, шаруашылық, тұрмыстық, отбасылық. Мәдениеттің «орталық бөлігі» концепциясы. Этнос психологиясының құрылымы мен деңгейлері. Этнос психологиясының статистикалық компоненттері. Инкультурация ұғымы және формалары.

14. Этностардың пайда болуы. Этногенез және оның негізгі факторлары. Этногенетикалық үдерістердің типтері. Этникалық үдерістер. Этникалық бірігу формалары. Этникалық фузия. Этникалық консолидация. Этникалық ассимиляция. Этносаралық интеграция. Этногенетикалық миксация. Этникалық бөліну формалары. Этникалық парциация. Этникалық сепарация. Этногенезді зерттеу әдістері. Этногенез және антропогенез. Этногенездің алғашқы сатысы. Антропогенез бен халықтың шығу тегі үдерісіндегі географиялық фактор.

15. Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының іргелі мәселелері. Қазақ халқының қалыптасуының түйінді мәселелері. Қола дәуірі тайпаларының этногенетикалық сипаттамасы. Андрондықтардың этномәдени қауымдастығы. Көне тайпалардың шығу тегі мен орналасу мәселелері. Қазақ халқының мәдениетінің пайда болуында, тілінің пайда болуында, антропогенезі мен этногенезінде әртүрлі этникалық құрылымдардың үлесі.

18. Қазақ халқының шаруашылық-мәдени түрлерінің іргелі мәселелері. Қазақстан территориясындағы шаруашылық-мәдени түрлердің жүйесі. Қазақстан рельефтерінің климаты мен әртүрлілігі. Шөл-далалы аймақтардың ерекшеліктері. Көшпелі қауым. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардағы қауымдық-жерлік қатынастары. Сумен қамтамасыз етудің жасанды түрлері. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардағы жер иеленудің формаларының дамуы.

19. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің іргелі мәселелері. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің мәселелері мен тарихнамасы. Тіршілік көзін қамтамасыз ету дәстүрлі қазақ социумының өмірлік кеңістіктерін ұйымдастырудың технологиялық құралы ретінде (Н.Әлімбаев, М.Мұқанов, Х. Арғынбаев). Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық-мәдени қызметтерінің этнодиагностикалық белгілері. Этноэкожүйе. Жылжымалы және тұрақты баспалар түрі. Тамақ және ыдыс-аяқ: мәселелері мен тарихнамасы. Киімнің классификациясының функционалды, аймақтық, жас-жыныстық, таптық, салттық-магиялық принциптері.

20. Қазақ халқының рухани-мәдениетінің іргелі мәселелері. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы құрылымдық тарихи феномен ретінде. Дәстүрлі дүниетанымның көпкомпоненттілігі және синкретизм. Салт-дәстүрлер және салт-дәстүрлік фольклор. Мифология. Эпос. Өлең-жыр дәстүрі. Халық ауыз әдебиеті ұрпақаралық ақпараттарды аккумуляциялаудың және тасымалдаудың әмбебап әдісі ретінде. Мәдениет түрлері және дәстүрлі инструменталдық музыка. Дала ілімі жүйесі: күнтізбе, халық медицинасы және ветеринария, метеорология және астрономия.

21. Ұлттық ойындар мен мейрамдар. Халықтық мейрамдар (мейрам, той, ас). Отбасылық мейрамдар мен салтанаттардың қоғамдық қызметтері – баланың дүниеге келуі, сүндет той, үйлену, жерлеу дәстүрі. Көктемгі теңесу күні немесе жаңа жылдың келуі Наурызды тойлау. Діни мейрамдар – «Ораза айт» және құрбандық шалу – «құрбан айт». Халықтық ойын-сауықтар. Жастардың ойындары. Зияткерлік ойындар.

22. Қазақ халқының діни наным-сенімдері жүйесінің іргелі мәселелері. Ислам дініне дейінгі сенімдер. Тотемизм, тәңіршілдік, шаманизм, ата-баба аруағына сыйыну. Жын-пері сенімі қалдықтары. Суфизм және қазақтардағы ислам діні. ХІХ ғ. қазақ даласында медреселердің пайда болуы. Жаһандық кеңістікте этникалық мұраны сақтап қалу мәселелері.

23. Қазақ халқының дәстүрлі отбасы-неке қатынастарының іргелі мәселелері. Көшпелілердің, жартылай көшпелілердің және отырықшы тұрғындардың үлкен патриархалды отбасыларындағы ескі әдет-ғұрыптар. ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында кішігірім отбасылардың басымдылығы. Отбасы ішілік қарым-қатынастардың ерекшеліктері. Туысқандық қатынастар мен өзара көмек. Неке түрлері. Көп әйел алушылық. Левират және әменгерлік. Некелік әдет-ғұрыптар. Отбасылық тыйымдар.

24. Қазақ диаспорасы мен репатрианттарының іргелі мәселелері. Қазақ диаспорасының теориялық-практикалық аспектісі. «Диаспора» және «ирредент» термині туралы дискуссия. Миграция теориясы. Классикалық миграция. Жүйелік миграция. Жанжалдық миграция. Миграцияның параметрлері. Диаспораның тарихи феномені. Диаспора мен отан туралы түсінік. Алғашқы отаны туралы ұжымдық түсінік. Диаспораның даму динамикасы мен механизмі. Қазақстандық, ресейлік және шет елдік зерттеушілер арасында «диаспора» мәселесінің талдануы, пікірлері және дискуссия. Қазақ «диаспорасы» мен «ирредентінің» қалыптасу тарихы.

«Ерте және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени үдерістер» пәні

1. Этникалық және этномәдени үдерістердің теориялық аспектілері. «Этникалық үдерістер» ұғымы. Л.Н. Гумилев Ю.В. Бромлей еңбектеріндегі этнос, этникалық және этномәдени үдерістер концепциясы. Этникалық үдерістерді (этноэлеуметтік, этномәдени) бағалаудың теориялық негіздері. Зерттеу векторлары бойынша этникалық мәдениетті зерделеудің элеуметтік-мәдени тұрғысы.

2. Қола дәуірі тайпаларының этногенетикалық сипаттамасы. Шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты қола дәуірі тайпаларының шығу тегі мен орналасу мәселелері. Андрон тайпаларының этногенезіне байланысты ғылыми пікір-таластар: 1) финно-угорлық; 2) үндіарилік; 3) прототүріктік.

3. Қазақстан территориясын ежелгі дәуірде мекендеген тайпалар мен халықтар туралы деректер мен зерттеулердің тарихнамасы. Қазақстан территориясындағы ғұн-сармат кезеңінде мекен еткен халық жөніндегі ежелгі грек, ежелгі парсы және ежелгі қытайдың жазба деректері. Ерте темір дәуірінің этномәдени тарихының мәселелері. Тайпалық бірлестіктер мен одақтардың этимологиясы. Этномәдени байланыстар.

4. Скиф-сақ дәуіріндегі көне мәдениеттердің өзара байланысы. Скиф-сақ уақытындағы көшпелі қоғамдардың даму кезеңдері. Аталған дәурдің этникалық тарихын зерттеудің мәселелері. Еуропалық скифтер мен азиялық сақтар: этномәдениеттері. Скиф-сібір аң стилінің Еуразия тұрғындарының өнеріндегі сабақтастығы.

5.Савромат-сармат тайпаларының этногенезі мен этномәдени байланыстары. Қазақстанның савромат-сармат тайпаларының тарихи шығу тегі үдерістерінің ерекшеліктері. Савромат-сармат мәдениетін кезеңдеу және мерзімдеу мәселелері. Савромат-сармат тайпалары қоғамындағы этнотілдік жағдай.

6.Хұндар және «Халықтардың ұлы қоныс аударуы». Мәселенің тарихнамасы мен зерттелу деңгейі. Ғұн дәуіріндегі Орталық Азиядағы этномәдени үдерістер. Мәденигенз бен этногенез мәселелері. Археология және хұн державасының қалыптасу мәселелері.

7. Үйсіндер мен қаңлылардың бірлестіктері. Кезеңдеу мен мерзімдеу мәселелері. Үйсіндердің қалыптасуындағы этникалық процесстер. Аталған мәдени одақтардың қалыптасуы мен дамуы факторлары. Тіл және этникалық сана. Миграциялар, себептер мен нәтижелер. Қауыншы археологиялық мәдениеті. Отырар-қаратау археологиялық мәдениеті. Жетіасар археологиялық мәдениеті.

8. Түрік мемлекеттері дәуіріндегі Қазақстандағы этникалық жағдай. Ежелгі түркілердің орналасуы туралы алғашқы деректер. Түріктердің шығу тегі мәселелері. Тайпалық құрылым. Түрік, Батыс түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаттарының құрылуы. Көрші халықтармен және мемлекеттермен этномәдени, саяси-әлеуметтік және шаруашылық байланыстар. Көне түрік тайпаларының Қазақстандағы этномәдени үдерістердегі тарихи ролі.

9. Қазақстанның этникалық тарихындағы оғыздардың орыны. Ортағасырлық жазба деректердегі мәліметтер. Оғыздардың этникалық тарихының мәселелері. Оғыздардың тайпалық құрылымы мен орналасу территориясы. Оғыздардың қарлұқтармен, печенегтермен, финно-угор және түркі-моңғол тайпаларымен қарым-қатынасы. Оғыздардың тілі мен антропологиялық келбеті.Сырдария мен Батыс және Орталық Қазақстандағы оғыздар.

10. Қазақ халқының этногенезіндегі қимақтар мен қыпшақтардың ролі. Қимақтар мен қыпшақтар туралы жазба деректер және генеологиялық аңыздар. Орталық және Шығыс Қазақстандағы қимақ қағанаты. Қимақтардың этникалық тарихы мәселелері. Қимақтардың тайпалық одағы мен орналасуы. Шығыс Дешті-қыпшақтағы қыпшақтар. Қыпшақтар жөніндегі жазба деректер мен аңыздар. Қыпшақтардың этникалық тарихы мен шығу тегі мәселелері. Этносаяси бірлестіктер үштігі: қимақтар, қыпшақтар, құмандар.

11. Наймандар, керейттер және жалайырлар этномәдени үдерістер жүйесінде. Тарихнама және деректер. Генеологиялық аңыздар. Аталған тайпалардың байланыстары мен этникалық дифференциациясы. Этникалық үдерістерді кешенді талдаудың әдістері мен әдістемесі. Тілдік құрылымдар мен діни көзқарастары.

12. XIII-XV ғғ. Орталық Азия. Деректер мен мәселенің зерттелу тарихы. Саяси тарих пен этномәдени байланыстардың мәселелері. Этникалық топтар шаруашылығының ерекшеліктері сипаттамасы. Аймақтағы миграциялық және демографиялық үдерістер. Алтын Орда мен Моғолстандағы этномәдени және этникалық үдерістер. Алтын Орданың түркілену мәселелері. Моңғол шапқыншылығының этномәдениет пен этногенезге ықпалы.

13. Қазақ мемлекеті қалыптасуы тұсындағы этникалық және этномәдени үдерістер. Деректер мен мәселенің зерттелу тарихы. «Қазақ» ұғымы. «Алаш» ұғымы. Қазақ халқының этногенезі. Қазақ хандығының ру-тайпалық құрылымы. «Жүз» ұғымы.

14. Қазақ халқының революцияға дейінгі орыс және батыс тарихнамасында зерттелу тарихы. Н.Д. Бухгольц экспедициясы. Орынбор экспедициясының қызметі. П.Н. Рычковтың Батыс Қазақстан туралы еңбектері. Орыс географиялық қоғамының зерттеулері. А.Левшин, Г.Потанин, Л.Мейер, Н.Абрамов және тағы басқалардың еңбектері.

15. Патшадық Ресейдің этникалық және этномәдени саясаты. Деректер мен мәселенің зерттелу тарихы. Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейдегі аз ұлттардың жағдайы. Көші-қон саясаты. Этноконфессионалдық саясат. Қазақ ұлтының жағдайы.

16.Кенестік дәуірдегі Қазақстанда орын алған этникалық және этномәдени үдерістер. Деректер мен мәселенің зерттелу тарихы. Орналасу мен халық саны. Этникааралық

байланыстар мен мәдени-тұрмыстық үдерістер. Материалдық және рухани мәдениеттегі өзгерістер. Этнотілдік саясат. Этникалық ұтқырлықтағы әлеуметтік фактор.

17. Қазақстан территориясындағы қазіргі күнгі этникалық үдерістер. Көпұлтты қоғамның қалыптасуының негізгі кезеңдері. 2009 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының этникалық құрамы. Халықтың жалпы және этникалық аспектідегі негізгі демографиялық көрсеткіштерінің талдауы. Жан-ұяның сандық мөлшеріне әсер ететін факторлар. Миграцияның дәстүрлі мәдениеттің қалыптасуына әсері. Этностардың республиканың әртүрлі облыстары мен аймақтарында қоныстануының этникалық аспектілері. Этносаралық интеграция.

18. Қазақстандағы аз ұлттардың әлеуметтік-психологиялық, этномәдени және діни аспектілері. Республикада көпұлтты тұрғындар құрамының қалыптасу тарихы. Аз ұлттарды Қазақстанға депортациялау. Қазақстан аз ұлттары мәдениеті дамуының әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Тұлғада рухани құндылықтар мен көзқарас қалыптастыруға арналған әлеуметтік-этникалық, психологиялық, тәрбиелік және т.б. қызметтер.

19. Аз ұлттардың ұлттық-мәдени орталықтарының қызметі. Аз ұлттардың ұлттық-мәдени орталықтары мен Қазақстан халықтар Ассамблеясының республика және облыстар көлеміндегі қызметі. Негізгі әлемдік діндер, жаңа діндер мен дәстүрлі емес діндердің қызметі арқылы Қазақстандағы этноконфессионалдық жағдайдың ерекшелігін анықтау.

20. Қазақстандағы қазіргі кездегі ұлтаралық қарым-қатынас жүйесін қалыптастырудың тарихи жағдайлары. Этномәдени байланыстардың теориясы. Қазақстанның аймақтық аспектілеріндегі этникалық топтардың этносаяси дамуының негізгі тенденциялық ерекшеліктері. Этнос аралық байланыстар және олардың нәтижелері. Этнос аралық қарым-қатынастың тарихи, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және саяси факторлары. Этнос аралық қарым-қатынастың формалары: қосылу, күрделену, азаю, кедейлену. Этникалық және табиғи ассимиляция.

21. Қазақстандағы қазіргі этнотілдік жағдай. Республикадағы тіл саясаты. Әр түрлі тілдердің ортақ кеңістікте өмір сүруі. Тіл – ұлттық мәдениеттің дамуы мен қорғалуының, этникалық бірегейлікті сақтаудың факторы. Ана тілі және бір тілділіктің өмір сүруі. Қостілділік этнотілдік және этномәдени үдерістердің дамуының факторы ретінде. Республиканың түрлі этностарының арасында қостілділіктің таралуы. Қазақ тілінің Қазақстан республикасында мемлекеттік және негізгі тіл ретіндегі қызметі.

22. Қазақстандағы бір ұлтты және ұлтаралық отбасылардың этникалық аспектілері. Отбасы құрылымының этномәдени аспектілері. Классификация мен топтау мәселелері. Отбасы қызметі. Отбасы ішілік қарым-қатынастар. Отбасының құндылықтары. Этникалық белгісіне қарай әйел мен еркектің сипаты мен бағалануы. Авторитарлық және эгалитарлық отбасылар. Этносаралық үдерістердегі этникалық орта факторы. Қазақстанның түрлі аймақтарындағы ұлтаралас некелердің деңгейі мен динамикасы және олардың этникалық салдары. Аралас отбасылардың жастардың этникалық идентификациясы.

23. Мәдениеттегі интеграциялық және консолидациялық үдерістердің диалектикасы. Қазақстандағы титулды ұлт пен басқа да этностардың қазіргі күнгі ұлттық мәдени жағдайы. Республиканың түрлі аймақтарындағы этникалық қоғамдардың өзара мәдени ерекшеліктері. Аймақтардағы ұлттық мәдениеттердің дамуындағы аккумуляция, этникалық мәдениеттің даму тенденциялары. Этникалық топтармен қарым-қатынастағы мәдениет элементтерін меңгеру.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Алимбай Н., Муқанов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998.
2. Аристов, Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. – Астана: Алтын кітап, 2007.
3. Археология. Учебник под ред. В.Л. Янина. – М., 2006.
4. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна Ltd., 2005.
5. Байпақов К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга 1. – Алматы, 2012; Книга II. – Алматы, 2013; Книга III. – Ч. 1. – Алматы, 2014; Книга III. – Ч. 2. – Алматы, 2015.
6. Байпақов К.М., Воякин Д.А. Выдающиеся археологические памятники Казахстана. – Алматы: Ин-т археологии МОН РК, 2014.
7. Байпақов К.М., Нуржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992.
8. Байпақов К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. Архитектура городов Семиречья и Южного Казахстана. – Алматы, 2001.
9. Боталов С.Г., Гуцалов С.Ю. Гунно-сарматы Урало-Казахстанских степей. – Челябинск, 2000.
10. Деревянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. и др. Ранние палеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана. – Новосибирск, 2000.
11. Древние цивилизации Евразии: История и культура. – М.: Вост. лит., 2001.
12. Садохин А.П. Этнология. – 3-изд. – Москва: Альфа-М – Инфра-М, 2014. – 352 с.
13. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология.- Москва, 2000.;
14. Этнология (Этнография). –М., 2015. – 580 с. ;
15. Итс Р.Ф. Введение в этнографию: учеб. Пособие/ Р.Ф. Итс.- 2-е изд. Л.: Ленинградского университета, 1991.;
16. Ирмуханов, Б.Б. Этническая история древнего Казахстана. – Алматы: Өлке, 1998.
17. Крысько В.Г. Этнопсихология межнациональных отношений. – М.: Экзамен, 2002.
18. Лобжанидзе А.А., Горохов С.А., Заяц Д.В. Этногеография и география религий. – М.: Академия, 2005.
19. Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н. Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. – Алматы, 2002.
20. Мартынова М.Ю. Мир традиций и межкультурное общение. –М.: Российский университет дружбы народов, 2004.
21. Мельникова Е.В. Культура и традиции народов мира: этнопсихологический портрет. – М.: Диалог культур, 2006.
22. Мнацаканян М.О. Культуры. Этносы. Нации. Размышления об истоках и природе национальной общности. – М.: МГИМО-университет, 2005.
23. Нации и национализм/ Б.Андерсон, О.Бауэр, М.Хрох и др. – М.:Праксис, 2002.
24. Основы межкультурной коммуникации / под ред. А.П.Садохина. –М., 2002.
25. Платонов Ю.П. Этническая психология. – СПб., 2001.
26. Роль естественно-научных методов в археологических исследованиях. – Барнаул, 2009.
27. Седов В.В. Естественно-научные методы в полевой археологии. – М., 1998.
28. Теория и методы археологических исследований. – Киев, 1982.
29. Этнокультурные процессы на территории Казахстана: (Древность, средневековье, современность) / КазГНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Санат, 1996.

Қосымша әдебиет:

- 1.Абашин С. Национализм в Средней Азии: в поисках идентичности. – СПб.: Алетейя, 2007.
2. Ажигали, С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии: (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002.
- 3.Антропология власти. Хрестоматия по политической антропологии. В 2-х т./ Сост. и отв. ред. В.В. Бочаров. – СПб., 2007.
4. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып.1. - Уральск. 2002.
5. Древние цивилизации Евразии. История и культура. - М.: Восточная литература, РАН, 2001.
6. Досымбаева А.М. История тюркских народов. Традиционноен мировоззрение тюрков. – Алматы: Service Press, 2013.
7. Елеуов М. Ескерткіштер жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
8. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. - Алматы. 2002.
9. Кадырбаев, М.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата: Ғылым, 1992.
10. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі.- Алматы: Ғылым, 2001.
11. Колер И., Ранке И., Ратцель Ф. История человечества. Доисторический период. – СПб., 2003.
12. Комплексные общества Центральной Евразии в III-I тыс. до н.э. – Челябинск - Аркаим, 1999.
13. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966.
14. Муканов, М.С. Этническая территория казахов в XVIII - начале XX веков.- Алма-Ата: Казахстан, 1991.
15. Артықбаев Ж. Этнология. -Алматы, 2005.
16. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. - Алма-Ата, 1991.
- 17.Казахи. Историко-этнографическое исследование. - Алматы., 1994.
- 18.Самашев З.С. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006.
17. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008.
18. Тараз: диалог тысячелетий и цивилизаций. Материалы международной конференции Тараз – 2000. - Тараз, 2002.
19. Тишков В.А. Этнология и политика. – М.: Наука, 2007.
20. Шәлекенов У.Х. Әлем халықтарының этнологиясы: оқу құралы: жоғарғы оқу орынд. арн. – Алматы: Алтын Мұра, 2002.

Түсу емтиханның нәтижелерін бағалау критеріі

Бағалаудағы негізгі принциптер – объективтілік, докторанттардың белгілі мәселе жөнінде творчестволық тәсілмен өзіндік тұжырымдар жасап, ұсыныстар бере білуі.

Түсу емтихан сұрақтары Базалық міндетті, базалық элективті және кәсіби элективті модульдер пәндеріндегі негізгі өзекті сұрақтар негізге алынған. Әрбір сұрақ 1 пәнге сәйкес келіп, 20-25% ретінді бағаланады. Балл бойынша 4 сұрақтың жалпы қосындысы – 100% құрайды.

Пәндер мазмұнына қойылатын негізгі талаптар

Докторант білуі керек: археология және этнология ғылымдарының іргелі мәселелері, аталмыш тақырып бойынша әдіснамалық негіздер, жалпы мәселелерін және оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау мен ұйымдастырудың, талдаудың қазіргі технологияларын білуі қажет.

Докторант пән бойынша материалдарда бағыт-бағдары болуы тиіс. Мәселелерді қою және құрастыра білуі тиіс. Ол жоғарғы оқу орнындағы оқу процесіндегі оқытушылар мен студенттер арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынастың коммуникативтік технологияларды меңгеруі қажет.

«Өте жақсы» – Докторант 95-100% нәтижеге билеттегі сұрақтардың бәріне толық, нақты, дәлелді жауаптар берумен бірге, қосымша сауалдарға қысқа, жинақы жауап беруі тиіс. Қажетті әдебиеттерді, олардың авторлары мен жекелеген ой-тұжырымдарын шынайы баяндауы қажет. Барлық сұрақтардың жауабын саралай келе докторанттың білімінің тереңдігі, пәннің ерекшелігін түсінуі және ойды мазмұндау жүйесінің тереңдігі бойынша сарапталады. Докторант осылардың біреуін толық орындалмаған жағдайда 90-94% нәтиже қойылады. Егер де докторант сұрақтардың біреуіне толық жауап бермесе немесе оның жауабы комиссия мүшелерін қанағаттандырмаса, онда тиісті нәтижеге байланысты қосымша сұрақтар беріледі.

«Жақсы» – 85-89% билеттегі көрсетілген сұрақтарға жан-жақты жауап болмаған жағдайда немесе докторанттың білім деңгейіне байланысты қойылған сұрақтардың кейбіреуіне нақты, анық жауаптар берілмеген жағдайда осындай балл есептеледі. 80-84 % көрсеткіші бойынша кейбір сұрақтар қатысты жауаптардың комиссия мүшелерінің ортақ көзқарасына сай келмегендіктен, олардың ортақ пікірі бойынша білім деңгейі осылай бағаланады. Қойылған қосымша сұрақтарға толық қанағаттанбаған жағдайда осы көрсеткіш қойылады. 75-79% билеттегі сұрақтардың кейбіреуіне толық, жан-жақты жауап бермеуі ескеріледі. Жауап кезіндегі көптеген қателіктер айқындалып, оған тиісті ескертулер жасалады. Докторанттың билеттер сұрақтарына жауабы толық шықпағандықтан қосымша сұрақтарға қойылған жауаптары сараланады.

«қанағаттанарлық» – пайыздық есеппен докторантқа 50-74% бағасы сұрақтарға жауап бергенмен мәселенің теориялық-методологиялық жағынан терең білім көрсетпесе және мәселе бойынша өзіндік тұжырымдар жасай алмаған жағдайда қойылады.

Білімді бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	«Қанағаттанарлық»
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	

D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	«Қанағаттанарлықсыз»
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» (GPA санағанда есептелмейді)
P (Pass)	-	0-60 65-100	«Сынақ» (GPA санағанда есептелмейді PA)
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Сынақтан өтпеді» (GPA санағанда есептелмейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA санағанда есептелмейді GPA)
AW (Academic Withdrawal)			«Академиялық себептермен пәннен шығарылуы» (GPA санағанда есептелмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA санағанда есептелмейді)